

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам)  
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары  
2018 жылғы 12 наурыз, 10 сағат 00 минут**

**Жиналыстың күн тәртібі:**

- 1) Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы;
- 2) Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы;
- 3) Жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту туралы.

**1. Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы.**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 9-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бөлімінің 11.1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Осы мәселені шығару Қоғам 2017 жылғы 8 желтоқсанда жариялаған Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарына қатысты Тендерлік ұсыныстың шарттарымен көзделген.

**Акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:**

**Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) бекітілсін.**

**2. Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы.**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 9-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бөлімінің 11.1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Осы мәселені шығару Қоғам 2017 жылғы 8 желтоқсанда жариялаған Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарына қатысты Тендерлік ұсыныстың шарттарымен көзделген.

**Акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:**

**Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) бекітілсін.**

### **3. Жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту туралы.**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бөлімінің 11.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту туралы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Осы мәселені шығару және Қоғамның Жарғысына енгізілетін негізгі өзгерістердің сипаттамасы Қоғам 2017 жылғы 8 желтоқсанда жариялаған Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарына қатысты Тендерлік ұсыныстың шарттарымен көзделген. Бекітілген жағдайда Жарғының жаңа редакциясы Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) күнінен бастап күшіне енеді.

**Акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:**

**Жаңа редакциядағы Қоғам Жарғысы бекітілсін.**

#### *Шешімдерді аяқтау.*

Неғұрлым нақты ақпаратты 9 сағат 00 минуттан бастап 18 сағат 30 минутқа дейін мына мекенжайдағы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының офисінде: Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17, 507-кабинетте, сондай-ақ Қоғамның [www.kmgcp.kz](http://www.kmgcp.kz) веб-сайтында алуыңызға болады. Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарына қатысты тендерлік ұсынысты мынадай сілтеме бойынша көруге болады: [http://kmgcp.kz/rus/investor\\_relations/tender\\_offer/](http://kmgcp.kz/rus/investor_relations/tender_offer/)